

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДА
БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ**

2017-2018 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда меншік нысанына түрлері мен типтеріне қарамастан білім беру процесі

- ❑ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына**
- ❑ **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасы**
- ❑ **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына** сәйкес ұйымдастырылады

Стандартпен

- мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне,
 - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнына,
 - оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне
- қойылатын талаптар айқындалған

Жаңартылған Стандарт негізінде мектепке дейінгі білім беру саласындағы ғылым мен практиканың жетістіктері, отандық және шетелдік тәжірибелер ескеріліп

«Алғашқы қадам»
«Зерек бала»
«Біз мектепке барамыз»

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
жалпы білім беретін оқу бағдарламасы**

Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары

- ❑ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында,
- ❑ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді

Бағдарламаның мақсаты: балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген сәйкес жалпыадамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу

Міндеттері:

- баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру;
- мектепке дейінгі білім берудің сабақтастық және үздіксіз ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- балалардың дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру;
- әр жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеру бойынша мониторингті ұйымдастыру;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара ықпалдастығы.

**Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды
дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасында айқындалған мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың негізгі міндеттері:**

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту;
- балаларды сапалы мектепке дайындауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу;
- мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша индикаторлар жүйесін енгізу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы

- мектепке дейінгі жастағы балалардың денесін және психологиялық саулығын нығайтуға, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулуға;
- баланы тұлғалық және әлеуметтік, зияткерлік дамытуда тәрбие мен оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдануға;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге;
- мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыруға

ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

**Мектепке дейінгі ұйымдар меншік нысанына қарамастан
нормативтік құқықтық құжаттарды басшылыққа ала
отырып,
келесі міндеттерді орындайды:**

- балалардың денсаулығы мен психикасын нығайту;
- балаларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу;
- рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру;
- балалардың жеке қабілеттері мен дарындылықтарын дамыту;
- әрбір баланың жағымды көңіл-күйін қамтамасыз ету,
жағымды өзін-өзі сезінуін дамыту;
- баланы мектепте оқуға мақсатты түрде дайындау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған
перспективалық жоспар;
- апталық циклограмма;
- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын
бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске
асырылады.

Жас топтары

1) Бөбек жасы – 1 жастан 3 жасқа дейін:

- ерте жас тобы – 1 жастан 2 жасқа дейін (ерте жастағы топ)
- кіші жас – 2 жастан 3 жасқа дейін (бірінші кіші топ)

2) Мектепке дейінгі жас – 3 жастан 6 (7) жасқа дейін жас:

- мектепке дейінгі кіші жас – 3 жастан 4 жасқа дейін (екінші кіші топ);
- мектепке дейінгі орта жас – 4 жастан 5 жасқа дейін (ортаңғы топ);
- мектепке дейінгі ересек жас – 5 жастан 6 (7) жасқа дейін (5 жастан 6 жасқа дейін – мектепке дейінгі ұйымдағы ересектер тобы, 6 жастан 7 жасқа дейін – жалпы білім беретін мектептегі, лицейдегі, гимназиядағы мектепалды даярлық сыныбы)

Бағдарламаның іске асырылуы

Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған

«Денсаулық»

«Қатынас»

«Таным»

«Шығармашылық»

«Әлеуметтік орта»

Бағдарлама мазмұнын іске асыру жас ерекшелігі психологиясы мен мектепке дейінгі педагогика және білім беру салаларын кіріктіру негізінде **ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ**

Осы бағдарлама бойынша басқа балалармен бірге даму мүмкіндігі шектеулі балалар да тең айналысады. Ондай балалар үшін балабақша мен топта баланың мүмкіндіктеріне сәйкес арнайы жағдайлар жасалады:

- пандустардың болуы,
- білім беру процесін сәйкесінше ұйымдастыру (жиһаздың өлшемдері, баланы отырғызу, жарық және т.б).

Түзету жұмыстары мүмкіндігі шектеулі баланың қажеттіліктерін ескеріп, білім беру процесін жеке және саралау арқылы жүргізіледі.

Педагог өтпелі тақырыптарды таңдағанда:

- аймақтық ерекшеліктерді;**
- балалардың жастарын;**
- мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағытын немесе тәрбиешінің, педагог-маманның жұмыс тақырыбын ескере отырып шығармашылық құзыреттілік танытуы тиіс.**

Жоспарланатын өтпелі тақырыптар, олардың бірізділігі мен саны №1 Педагогикалық кеңесте қарастырылады және бекітіледі.

Мектепке дейінгі ұйымда педагог-мамандар бар болған жағдайда, олар Перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрайды, нақты жас тобының Перспективалық жоспарында педагог-маманның жоспарына сілтеме жасалады. Штаттық кестеде педагог - мамандар қарастырылмаған мектепке дейінгі ұйымдарда нақты жас тобына Перспективалық жоспарды әдіскер немесе тәрбиеші құрастырады.

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, серуен, балалардың үйге қайтуы, процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған **Циклограмма** құрастырылады

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары Перспективалық жоспарға сәйкес анықталады;
 - өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабақтастық ұстанымын сақтау;
 - Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
 - балаларды дамыту мен оқытуды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
 - циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру.
- Күн тәртібі, Перспективалық жоспар, Циклограмманың құрылымы әрбір топқа мектепке дейінгі ұйымның №1 Педагогикалық кеңесінде бекітіледі.

Білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері

- тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналармен баланың тұлғасын қалыптастыру мен оның қабілеттерін дамытуда **кешенді тәсіл**;
- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оларды дамытуда **әрекеттік тәсіл**;
- баланың дамуы мен мектепке дейінгі ұйымның қызметінің деңгейлеріне (мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына мониторинг жүргізу үшін автоматтандыру жүйесі) мониторинг жүргізуде **инновациялық тәсіл**;
- тәрбие мен оқыту мазмұны мен әдістерінің **бірлігі, сабақтастығы, үздіксіздігі**;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру процесін **интерактивті құру**.

Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау

- Психологиялық-педагогикалық жағдайларға талаптар***
- Педагогикалық процесті ұйымдастыруға талаптар***
- Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне талаптар***
- Заттық-кеңістік дамытушы ортаға талаптар***

Барлық мектепке дейінгі ұйымдар өзінің қызметінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа алады

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыру

Мектепке дейінгі ұйымның бағыныстылық нысанына, барлық типтері мен түрлеріне қарамастан педагогтары, мамандары мен қызметкерлері өзінің қызметтерін «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және мектепке дейінгі білім беру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық құжаттарды басшылыққа ала отырып жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі ұйымның барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін дұрыс және қауіпсіз жағдайлар жасау үшін жеке жауапкершілікте болады.

- Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі
- Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері
- Тәрбиеші
- Мемлекеттік, орыс, шетел тілдері педагогтары
- Музыкалық жетекші
- Мектепке дейінгі ұйымның педагог-психологы
- Мектепке дейінгі ұйымның дефектологы, логопеді
- Дене шынықтыру нұсқаушысы
- Медицина қызметкерлері

Мектепке дейінгі ұйымда қосымша білім беру қызметтерін (хореография, жүзу, ағылшын тілі, компьютерлік сауаттылық және т.б.) енгізу әрбір жас кезеңі үшін оқу жүктемесінің белгіленген нормасынан аспауы қажет

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру

Мониторинг жүргізу үшін индикаторлар жартыжылдық бойынша білім беру салаларынан күтілетін нәтижелер болып табылады. Мониторинг жүргізудің басты тәсілі баланың күнделікті өмірінде жүргізілетін бақылау тәсілі болып табылады.

Диагностика оқу жылының басында, ортасында және аяғында:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Бастапқы бақылау алдыңғы жас тобындағы мәліметтер (II жартыжылдықтың күтілетін нәтижелері) негізінде жүргізіледі.

I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша аралық диагностика (қаңтарда) жүргізіледі.

Қорытынды диагностика II жартыжылдықтың нәтижелері негізінде жүргізіледі.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

1-деңгей – бала сол немесе басқа қимылдарды қайталай алады;

2- деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді;

3- деңгей – бала өзінің жасай алатынын қолданады.

Мектепке дейінгі ұйым топтарындағы балалардың апталық оқу жүктемесінің мүмкін ең жоғарғы көлемі:

ерте жастағы балаларға – 7 сағат;
I кіші топ балаларына – 9 сағат;
II топ балаларына – 12 сағат;
ортаңғы топ балаларына – 14 сағат;
ересек топ балаларына – 20 сағат;
мектепалды даярлық сынып балаларына – 24 сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:

ерте жастағы балаларға – 7-15 минут;
орта жастағы балаларға – 15-20 минут;
ересек жастағы балаларға – 25-30 минутты құрайды.

Мектепке дейінгі ұйым топтарындағы балалардың апталық оқу жүктемесінің мүмкін ең жоғарғы көлемі:

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:

ерте жастағы балаларға – 7-15 минут;

орта жастағы балаларға – 15-20 минут;

ересек жастағы балаларға – 25-30 минутты құрайды.

Мектепке дейінгі ұйым топтарындағы балалардың апталық оқу жүктемесінің мүмкін ең жоғарғы көлемі:

ерте жастағы балаларға – 7 сағат;
I кіші топ балаларына – 9 сағат;
II топ балаларына – 12 сағат;
ортаңғы топ балаларына – 14 сағат;
ересек топ балаларына – 20 сағат;
мектепалды даярлық сынып балаларына – 24 сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:

ерте жастағы балаларға – 7-15 минут;
орта жастағы балаларға – 15-20 минут;
ересек жастағы балаларға – 25-30 минутты құрайды.

Апталық вариативтік компоненттің жалпы көлемі:

- **екінші кіші топтың балалары үшін – 1сағат;**
- **ортаңғы топтың балалары үшін – 2 сағат;**
- **ересек топтың балалары үшін – 3 сағатты құрайды.**

Педагогтардың педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдері

Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогы келесі талаптарға жауап беруі қажет: рухани, кәсіби, жалпы мәдени және денесін жетілдіруге ұмтылған, ішкі дүниесі бай, үйлесімді дамыған, тұлға

Мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен мамандары:

- үнемі өздінен білім алумен айналысу;
- педагогтар мен ата-аналар үшін ашық сабақтар өткізу;
- оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын игеру;
- мақалалар, баяндамалар, сөйлейтін сөздерді дайындау арқылы өзінің әлеуетін іске асыру;
- біліктілікті арттыру курстарына үнемі өту;
- өзінің білітілігін алу және нақтылау үшін аттестациядан уақытында өту;
- жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету;
- педагогтарға арналған түрлі байқауларға қатысу;
- өзінің педагогикалық жетістіктерінің нәтижелерінен портфолиосын үнемі толықтыруы тиіс.

**Назарларыңызға
рахмет!**